

Түркістан облысы, Арыс қаласы, Байырқұм ауылдық округі

ЖШС «Самұрық» балалар бақшасы

01-20

Меңгеруші жанындағы кеңес хаттамалары

Менгеруші жанындағы кеңес жоспары

Менгеруші жанындағы кеңестерді дайындау және өткізу

Максат: Тәрбие-оқыту процесінің деңгейін көтеру үшін ұжымның жұмысын белсендету, балаларды сауықтыру, тәрбиелеу, оқыту және дамытуда педагогтердің жаңа пікірлерімен толықтыру

№	Атқарылатын жұмыстар	Мерзімі	Жауаптылар
1	Менгеруші жанындағы кеңес Күн тәртібі: 1. Жылу беру маусымына дайындық жұмыстарын қолға алу. Балабақшаның қысқы маусымға дайындығы 2. «Қызметкерлердің жұмыс күніне дайындығы. Ішкі еңбек тәртібінің орындалуы». 3. Мектепке дейінгі ұйымдарда таңғы жаттығуларды бақылау бойынша жедел бақылау қорытындысы. 4. Ағымдағы мәселелер	қыркүйек	Менгеруші Шаруашылық менгерушісі Әдіскер, медбике
2	1. №1 әкімшілік жиналыс шешімдерінің орындалуы 2. «Балабақшадағы төсек-орынға қойылатын талаптар» баяндама 3. Бір күн ішінде балалармен бірлескен қызметті жүзеге асыруды жедел бақылауды талдау қорытындысы 4. «Мектепке дейінгі балалардың жолда жүру қауіпсіздігі негіздерін қалыптастыру» бойынша тақырыптық бақылауға талдамалы анықтама қорытындысы 5. Ағымдағы мәселелер	қараша	Менгеруші Медбике әдіскер
3	1. №2 менгеруші жанындағы жиналыс шешімдерін орындалуы 2. Тәрбиеленушілердің сөздік қорын дамытуда ойынның әсері» ойын	ақпан	Менгеруші Шаруашылық менгерушісі Әдіскер

	жаттыгуы 3.Мектепке дейінгі тәрбие мене оқытудын үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша аралык мониторинг қорытындысы 4.Ағымдагы мәселелер		
4	1.№3 Меңгеруші жанындагы жиналыс шешімдерінің орындалуы 2.Ағымдагы жондеу жұмыстарын ұйымдастыру және өткізу 3.Ағымдагы мәселелер	мамыр	Меңгеруші Шаруашылық меңгерушісі

Орындаған әдіскер:  Ж.Ескараева

"Самұрық" балалар бақшасы" ЖШС
Әкімшілік жиналыс хаттамасы №1

Уақыты: 20 қыркүйек 2024 жыл

Әкімшілік жиналыстың өтілетін орны: «Самұрық» балалар бақшасы" ЖШС

Төрайымы: Г.Саухимова – меңгеруші

Хатшы: П.Жүнісова - тәрбиеші

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Жылу беру маусымына дайындық жұмыстарын қолға алу. Балабақшаның қысқы маусымға дайындығы (есеп)
2. Арнайы бақылау қорытындысы «Қызметкерлердің жұмыс күніне дайындығы. Ішкі еңбек тәртібінің орындалуы»
3. Мектепке дейінгі ұйымдарда таңғы жаттығуларды бақылау бойынша жедел бақылау қорытындысы
4. Ағымдағы мәселелер.

I ТЫҢДАЛДЫ: Жылу беру маусымына дайындық жұмыстарын қолға алу. Балабақшаның қысқы маусымға дайындығы.

СӨЙЛЕДІ: Шаруашылық меңгерушісі Ф.Өмірзақ күзгі-қысқы маусымға дайындық – әкімшілік-шаруашылық жұмысындағы ең маңызды да қауырт кезең екенін, барлық қажетті жоспарлы-алдын алу іс-шаралары мен жөндеу жұмыстары мерзімінде аяқталғанын айтты. Күзгі-қысқы кезеңге дайындық кезінде балалардың МДҰ-да қауіпсіз жағдайда болуын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспарланды және алдағы уақытта өткізіледі. Барлық қажетті жоспарлы-алдын алу іс-шаралары мен жөндеу жұмыстары мерзімінде аяқталды. Балабақшада қысқа дайындық жұмыстары белгіленген кестеге сәйкес жүргізілді. Топтарда, жеке кабинеттерде және коридорлардың терезелері жабытып, бекітілді. Жылу мен қамту жұмыстары күн сайын тексеріліп, бақылауда тұр. Балабақшадағы жылу батериялары боялып, сырланып 100% қыс маусымына дайын, - деді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Қысқы маусымға дайындық жұмыстары бақылауға алынсын.

II ТЫҢДАЛДЫ: Арнайы бақылау қорытындысы «Қызметкерлердің жұмыс күніне дайындығы. Ішкі еңбек тәртібінің орындалуы»

СӨЙЛЕДІ: меңгеруші Г.Саухимова балалар күннің көп бөлігінде балабақшада болады, сондықтан ата-аналар баланың қауіпсіздігіне, оның жайлылығына, моральдық және физикалық жағынан сенімді болғысы келеді. Дегенмен, біз көбінесе балалар мекемесіндегі тәрбиешілердің жұмысына байланысты шынымен таң қалдыратын оқиғаларды естіп жүрміз. Қазіргі күнде қоғамның сұраныстары өзгерді, ал балабақша қызметке айналды: енді қадағалау қызықты емес, балаға, тіпті ата-анаға кем дегенде жеке көзқарас қажет. Осы мақсатта балабақшаның 2024-2025 оқу жылына арналған жылдық жоспарына сәйкес Ішкі тәртіп және лауазымдық міндеттерді орындауды меңгеру деңгейі бойынша арнайы бақылау жүргізілді. Бақылауға барлық қызметкерлер қатысты.

Нәтижесінде, топ тәрбиешілерінің ойыншықты жуып кетпейтіні анықталды, - деді.

Қаулы етті: Тәрбиешілердің ішкі тәртіп ережесін сақтауды бақылауға алу.

III ТЫҢДАЛДЫ: Мектепке дейінгі ұйымдарда таңғы жаттығуларды бақылау бойынша жедел бақылау қорытындысы

СӨЙЛЕДІ: меңгеруші Г.Саухимова сөз алды. Нәтижесінде «Балапан» ортаңғы топтарында таңғы жаттығу кезінде балалардың көңіл күйі көтеріңкі жаттығуларды қызығушылықпен, белсенділікпен орындамайтыны, балаларда жалығу, жаттығуларды орындағысы келмеуі байқалды. Барлық топтарда жаттығулар құрылымы сақталмаған.

Ұсыныс:

1. Топтар арасында «Дамытушы жаттығулар» картотекасы сайысын ұйымдастыру.
2. «Балаларда жалығу немесе жаттығуларды орындағысы келмеуін анықтау» бақылау жүргізу
3. Балалардың қызығушылығын ояту барысында қажетті материалдарды қолдану, балалармен жеке жұмыс жүргізу.
4. Балалардың қызығушылығын ояту барысында қажетті материалдарды қолдану, жалығудың жолдарын қарастыру.
5. Балалардың қызығушылығын ояту барысында қажетті материалдарды және сапта жүру; негізгі қимыл түрлері жүру, жүгіру; жалпы дамытушы жаттығуларды қолдану керек,- деді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: жедел бақылау қорытындысы қанағаттанарлық.

IV ТЫҢДАЛДЫ: Ағымдағы мәселелер

СӨЙЛЕДІ: балабақша меңгерушісі Г.Саухимова топтардағы жылу беру жұмыстары бақылауға алынып, Алтын күз мерекесіне және Республика күні мерекесіне дайындықты күшейту, топтарды безендіру, мерекелік шараны ұйымдастыру жұмыстарын уақытылы жүргізілу, ата-аналарға алдын ала өтетін уақытын айтып, балалардың, персонаждардың киімдерін тігіп, реттеп қою жөнінде айтып өтті.

ШЕШІМ:

1. Жылу беру маусымына дайындық жұмыстары бақылауға алынсын.
2. Қыркүйек айындағы бақылау нәтижелерінің орындалуы бақылауға алынсын.

Жиналыс төрайымы: *Г.Саухимова* Г.Саухимова

Жиналыс хатшысы: *П.Жүнісова* П.Жүнісова

**"Самұрық" балалар бақшасы" ЖШС
Әкімшілік жиналыс хаттамасы №2**

Уақыты: 11 қараша 2024 жыл

Әкімшілік жиналыстың өтілетін орны: «Самұрық» балалар бақшасы" ЖШС

Төрайымы: Г.Саухимова – меңгеруші

Хатшы: П.Жүнісова - тәрбиеші

КҮН ТӘРТІБІ:

1. №1 әкімшілік жиналыс шешімдерінің орындалуы
2. «Балабақшадағы төсек-орынға қойылатын талаптар» баяндама
3. «Бір күн ішінде балалармен бірлескен қызметті жүзеге асыруды» жедел бақылауды талдау қорытындысы
4. «Мектепке дейінгі балалардың жолда жүру қауіпсіздігі негіздерін қалыптастыру» бойынша тақырыптық бақылауға талдамалы анықтамақорытындысы
5. Ағымдағы мәселелер

I ТЫҢДАЛДЫ: №1 әкімшілік жиналыс шешімдерінің орындалуы

СӨЙЛЕДІ: балабақша меңгерушісі Г.Саухимова өткен әкімшілік жиналыс шешіміне тоқталып өтті. Жылу беру маусымына дайындық жұмыстары жоғары деңгейде өтті, қысқы мерзімге жетерлік қатты отын түсірілді - деді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: өткен әкімшілік жиналыс шешімінің орындалуы қанағаттанарлық.

II ТЫҢДАЛДЫ: «Балабақшадағы төсек-орынға қойылатын талаптар»

СӨЙЛЕДІ: медбике Ф.Өмірзақ мектепке дейінгі мекемеде «тыныс алатын», тозуға төзімділігі жоғары экологиялық таза төсек орын қолданылуы керек. Балабақшадағы төсек-орынға қойылатын талаптар САНПИНнің талаптарына сәйкес, әрбір ұйықтайтын орын матрац төсенішімен, жастықпен және көрпемен қамтамасыз етілуі керек. Әр балаға төсек-орынның үш жиынтығы және екі матрац жамылғысы бөлінеді.

Кір жинағына мыналар кіреді: жастық қап, жайма, көрпе жамылғысы және екі сүлгі (бет пен қолға, аяққа арналған). Бір рет қолданылатын сүлгілерді қолдануға рұқсат етіледі.

Барлық төсек-орын алынған кезде таңбалануы керек. Таңбалау қауіпсіз түрде жүргізілуі керек.

Жатын бөлмеде жалпы тазалау кезінде матрацтар мен жастықтар тікелей үй-жайда немесе шаруашылық аймағының арнайы бөлінген алаңында желдетілуі керек. Жылына бір рет төсек-орындарды камералық дезинфекциялау немесе оларды химиялық тазалау қажет екенін айтты.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Төсек-орындардың уақытылы жуылуын бақылауға алу.

III ТЫҢДАЛДЫ: «Бір күн ішінде балалармен бірлескен қызметті жүзеге асыруды» жедел бақылауды талдау қорытындысы

СӨЙЛЕДІ: балабақша әдіскері Ж.Есқараева сөз алды. 2024 жылғы 5-6 қараша аралығында «Бір күн бойы балалардың қызметін ұйымдастыру» тақырыбына жедел бақылау жүргізілді. Осы мақсатта топтарға барып, тәрбиешілердің күнделікті жоспарлауын бақылау және тексеру нәтижесінде жедел бақылау картасы толтырылды. Бұл картада талдау үшін келесі сұрақтар ұсынылды:

1. Тәрбие-білім беру жұмысының жоспарына сәйкес бірлескен қызметті ұйымдастыру.

2. Бірлескен қызмет барысында әдістер мен тәсілдерді қолданудың орындылығы.
3. Күні бойы балалардың танымдық белсенділігі.
4. Күні бойы әр түрлі қызмет түрлері.
5. Бір қызмет түрінен екіншісіне ауысуды ұйымдастыру.
6. Өз бетінше әрекет ету кезінде балаларды жұмыспен қамту.
7. Күні бойы қозғалыс белсенділігі режимін сақтау.

Осы мәселелерді негізге ала отырып, мынандай тұжырым жасауға болады:

Барлық жастағы топтардың балалары мен тәрбиешісінің бірлескен іс-әрекетін ұйымдастыру әрдайым оқу-тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес жүргізілмейді. Күнделікті жоспарлауда көрсетілген әдістерді қолдану барлық жас топтарындағы бірлескен іс-шаралар кезінде әрдайым орынды бола бермейді. Күндізгі балалардың танымдық белсенділігі 4 жастағы топтарда жоғары. Күні бойы балалар мен тәрбиешінің бірлескен іс-әрекетінің түрлері барлық жас топтарында әртүрлі. Бір қызмет түрінен екіншісіне ауысу 4 жастағы топтарда жақсы ұйымдастырылған. Күн ішінде қозғалыс белсенділігі режимі әр жас тобында сақталады, - деді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: жедел бақылау қорытындысы қанағаттанарлық.

VI ТЫҢДАЛДЫ: «Мектепке дейінгі балалардың жолда жүру қауіпсіздігі негіздерін қалыптастыру» бойынша тақырыптық бақылауға талдамалы анықтама

СӨЙЛЕДІ: меңгеруші Г.Саухимова жыл бойы балабақшада балаларды жол жүру ережелеріне үйрету бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде екенін, балалардың жол-көлік жаракатының алдын алу бойынша жұмысты ұйымдастыру үшін топтық бөлмелерде ЖЖЕ бұрыштары безендірілген, - деді.

Жүргізілген тақырыптық бақылау қорытындысы мектепке дейінгі жастағы балалардың жол-көлік жаракаттануының алдын алу мәселесі өзекті екенін көрсетті және ол бөбекжайда тікелей ұйымдастырылған іс-әрекет, балалардың еркін қызметі арқылы, режимдік сәттер арқылы, серуендеу кезінде шешіледі. Топтарда ЖЖЕ бойынша балаларды оқыту үшін жағдай жасалған, дидактикалық және сюжеттік-рөлдік ойындар, театрландырылған іс-шаралар, топтық және жеке әнімелер ұйымдастырылады. Көрнекі-иллюстративті материалдар, жылжымалы папкалар жинақталған. Алайда топтарда балалармен және ата-аналармен жұмысты жоспарлау жүйесіне назар аудару, ЖЖЕ бойынша макеттер мен схемаларды жұмыс тәжірибесінде пайдалану, балалардың танымдық және сөйлеу белсенділігін көрсету үшін сабақта оңтайлы жағдай жасау қажет, - деді.

V ТЫҢДАЛДЫ: Ағымдағы мәселелер

СӨЙЛЕДІ: меңгеруші Г.Саухимова топтардағы жылу беру жұмыстары күнделікті бақылауға алынып отырғанын, топтардың температурасы 22-23С көрсетіп тұрғанын айтты. Сонымен бірге, топтардағы заттық-дамытушы ортаны безендіру, толықтыру, ұлттық құндылықтарды насихаттау жұмыстарын жандандыру мәселелеріне де тоқталды.

ШЕШІМ:

1. «Бір күн ішінде балалармен бірлескен қызметті жүзеге асыруды» жедел бақылауды талдау қорытындысы қанағаттанарлық.
2. «Мектепке дейінгі балалардың жолда жүру қауіпсіздігі негіздерін қалыптастыру» бойынша тақырыптық бақылау қорытындысы қанағаттанарлық.

Жиналыс төрайымы:
Жиналыс хатшысы:

Вагн
Жуен

Г.Саухимова
Н.Жүнісова

"Самұрық" балалар бақшасы" ЖШС
Әкімшілік жиналыс хаттамасы №3

Уақыты: 14 ақпан 2025 жыл

Әкімшілік жиналыстың өтілетін орны: «Самұрық» балалар бақшасы" ЖШС

Торайымы: Г.Саухимова – меңгеруші

Хатшы: П.Жүнісова- тәрбиеші

КҮН ТӘРТІБІ:

1. №2 әкімшілік жиналыс шешімдерінің орындалуы.
2. «Тәрбиеленушілердің сөздік қорын дамытуда ойынның әсері» ойын жаттығуы
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша аралық мониторинг қорытындысы
4. Ағымдағы мәселелер.

I ТЫҢДАЛДЫ: №2 әкімшілік жиналыс шешімдерінің орындалуы

СӨЙЛЕДІ: балабақша меңгерушісі Г.Саухимова өткен әкімшілік жиналыс шешіміне тоқталып өтті. Жол қозғалысы қауіпсіздігінің негіздері саласында балалардың жасына сәйкес танымдық дамуы үшін балабақшада жағдай жасалған. Дамытушы орта балалардың жас ерекшеліктерін және оқылатын материалдардың динамикалық принципін ескере отырып құрылды, - деді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: өткен әкімшілік жиналыс шешімінің орындалуы қанағаттанарлық.

II ТЫҢДАЛДЫ: «Тәрбиеленушілердің сөздік қорын дамытуда ойынның әсері» ойын жаттығуы

СӨЙЛЕДІ: балабақша тәрбиешісі А.Батырхан сөз алды.

Мектепке дейінгі жастағы ойын-бұл жетекші қызмет түрі, сондықтан мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын дамыту жұмысында дидактикалық ойынды қолдану сөйлеу белсенділігі мен мәдениетінің деңгейін арттырып қана қоймай, сөздік қорын байытады. Дидактикалық ойын барысында балалар сөздің заттық қатынасын және оның тұжырымдамалық жағын игереді, тілдің лексикалық жүйесінің бірлігі ретінде "сөз" ұғымын игереді. Біздің жұмысымыздың мақсаты дидактикалық ойындардың мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын дамытуға әсерін зерттеу болып табылады. Дидактикалық ойындарда балалардың алдына белгілі бір міндеттер қойылады, олардың шешімі зейінді, ақыл-ой күшін, ережелерді, әрекеттер тізбегін түсіну және қиындықтарды жеңу қабілетін талап етеді. Олар балалардың сезімдері мен қабылдауларын дамытуға, идеяларды қалыптастыруға, білімді игеруге ықпал етеді. Бұл ойындар балаларға белгілі бір психикалық және практикалық мәселелерді шешудің әртүрлі үнемді және ұтымды тәсілдерін үйретуге мүмкіндік береді, - деп тоқталып өтті.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Тәрбиеленушілердің сөздік қорын дамытушы ойын жаттығуының орындалуы қанағаттанарлық.

III ТЫҢДАЛДЫ: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша аралық мониторинг қорытындысы

СӨЙЛЕДІ: әдіскер Ж.Есқараева сөз алды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру деңгейі бойынша білім беру қызметтерінің мониторингі әрбір жас тобында балалардың жетістіктерін объективті бақылауға, мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілді қамтамасыз етуге, педагогтердің түзету іс-шаралары негізінде білім беру процесін жетілдіруге және баланың білім беру салаларының әрқайсысының мазмұнын және үлгілік мазмұнын меңгеру деңгейін айқындауға мүмкіндік беретін мониторинг (аралық) жүргізілді, - деп топтардың мониторинг деңгейіне жеке-жеке тоқталып өтті.

IV ТЫҢДАЛДЫ: Ағымдағы мәселелер

СӨЙЛЕДІ: меңгеруші Г.Саухимова топтардағы жылу беру жұмыстары күнделікті бақылауға алынып отырғанын, топтардың температурасы 22-23С көрсетіп тұрғанын айтты. Сонымен бірге, топтардағы заттық-дамытушы ортаны безендіру, толықтыру, ұлттық құндылықтарды насихаттау жұмыстарын жандандыру мәселелеріне де тоқталды.

ШЕШІМ:

1. Тәрбиеленушілердің сөздік қорын дамытушы ойын жаттығуының орындалуы қанағаттанарлық.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру жұмыстарын бақылауға алынсын.

Жиналыс төрайымы:

Саух

Г.Саухимова

Жиналыс хатшысы:

Жүніс

П.Жүнісова

**"Самұрық" балалар бақшасы" ЖШС
Әкімшілік жиналыс хаттамасы №4**

Уақыты: 30 мамыр 2025 жыл

Әкімшілік жиналыстың өтілетін орны: «Самұрық» балалар бақшасы"
ЖШС

Төрайымы: Г.Саухимова – меңгеруші

Хатшы: П.Жүнісва - тәрбиеші

КҮН ТӘРТІБІ:

1. №3 меңгеруші жанындағы жиналыс шешімдерінің орындалуы
2. Ағымдағы жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру және өткізу
3. Ағымдағы мәселелер

I ТЫҢДАЛДЫ: №3 меңгеруші жанындағы жиналыс шешімдерінің орындалуы

СӨЙЛЕДІ: әдіскер Ж.Ескараева аралық мониторинг нәтижелері бойынша топтарда балалардың танымдық, тілдік, моторикалық, әлеуметтік дағдылары бойынша оң динамика байқалды. Ересек топтарда білім мазмұнын меңгеру деңгейі жақсы, ортаңғы топтарда тұрақты даму анықталды. Мектеппен сабақтастық бойынша даярлық мұғалімдерімен байланыс орнатылған. Түлектердің мектептегі бейімделу көрсеткіштері жалпы алғанда жақсы. Мектепке дайындық карталарымен жұмыс жүргізілуде. Мынадай түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді. Балаларға жеке даму картасы бойынша жеке жұмыстар жүргізілуде.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: өткен меңгеруші жанындағы жиналыс шешімінің орындалуы қанағаттанарлық.

II ТЫҢДАЛДЫ: Ағымдағы жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру және өткізу

СӨЙЛЕДІ: шаруашылық меңгерушісі Ф.Өмірзақ сөз алды. Биылғы ағымдық жөндеу жұмыстары шілде айына жоспарланып отыр. Барлық топтардың қабылдау бөлмелері мен ойын бөлмелері және асхана қайта сырланып, боялады. Қысқы қазандықты күрделі жөндеуден өткізу қажет екендігін айтты.

III ТЫҢДАЛДЫ: Ағымдағы мәселелер

СӨЙЛЕДІ: меңгеруші Г.Саухимова жазғы маусымдық жұмыстар, қызметкерлердің еңбек демалыстары туралы айтып өтті.

ШЕШІМ:

1. Жазғы жөндеу жұмыстарына дайындық жүргізіліп, қызметкерлер еңбек демалысының кестесіне сәйкес еңбек демалысына жіберілсін.

Жиналыс төрайымы:

Жиналыс хатшысы:

Г.Саухимова
П.Жүнісва

Г.Саухимова

П.Жүнісва

"Leningrad" Sarang Saranen
Mawileneik Sarang
Meyretyui Sarang
Dudayane Sarang
Sarang Sarang Sarang
Sarang Sarang Sarang

